

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125-летию С.Сейфуллина. - 2019. - Т.II, Ч 1 - Б.73

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ТҮТҚАСЫ - ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қозыбаева А.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып,

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Ұлттық бірегейлікті сақтау Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Ұлттық прагматизм азаматтық құрылымның көшбасшылығы, азаматтық ұлт үлгісі. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үніліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады. Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көрегенділікті көрсетеді -деп атап айтты Елбасы.

Әдебиеттер тізімі

1. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы 12 сәуір, 2017 жыл.
2. Zinchenko Professor, doctor of philosophical sciences. SOCIAL INSTRUMENTALISM OF THE PRAGMATISM AND SPECIFICITY OF NEOPRAGMATISM MODEL IN EDUCATION PHILOSOPHY, AXIOLOGY AND MANAGEMENT CONCEPTS

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент Нұржанова А.С.